Бекітемін
ЖК «БайгонусоваЗ.Я»
«Al-Adil» балабақшасы
Меңгерушісі
Байгонусова З.Я.
«___» 09 2026 ж.

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының жылдық жоспары»

Әдіскер:Құлқаева Е.П.

2026-2027 оқу жылы

2026-2027 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымында педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, кәсіби мәдениетін арттыру және ұжымдағы өзара сыйластық пен адамгершілік-психологиялық ахуалды жақсарту.

Міндеттері :

1. Педагогикалық әдептің бұзылу маниторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
2. Білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік- психологиялық ахуалын жақсартуға , педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
3. Педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп кеңес отырысының іс-шаралар жоспары

№	Кеңес тақырыбы және қаралатын мәселелер	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	**«Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігінің негізі»** 1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын зерделеу. 2. Педагогтің балаға, ата-анаға және әріптестеріне қарым-қатынас мәдениеті. 3. Қызметтік әдеп пен ішкі еңбек тәртібін сақтау. 4. Педагогтің сыртқы мәдениеті, сөйлеу әдебі және кәсіби беделі. 5. Ұжымда өзара сыйластық пен сенім атмосферасын қалыптастыру.	**Педагогикалық әдеп кеңесі, түсіндіру, жағдаяттарды талдау**	**Қыркүйек**	Меңгеруші, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
2	**«Балаға құрмет – педагогикалық әдептің басты талабы»**	**Тақырыптық кеңес, практикалық**	**Қараша**	Әдіскер, педагог-психолог,

	1. Тәрбиеленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу. 2. Баламен қарым-қатынаста мейірімділік, сабырлылық және әділдік таныту. 3. Баланы көпшілік алдында кемсітуге, салыстыруға, қорқытуға және психологиялық қысым жасауға жол бермеу. 4. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және эмоционалдық қолдау көрсету. 5. Балалар арасындағы жанжалдарды педагогикалық әдеп нормалары негізінде шешу.	**жағдаяттар, пікір алмасу**		педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
3	**«Педагог – ата-ана – әріптес: өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас»** 1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау. 2. Ата-ананың пікірін тыңдау және сындарлы кері байланыс орнату. 3. Әріптестермен кәсіби ынтымақтастық және өзара қолдау. 4. Даулы және түсініспеушілік жағдайларды мәдениетті түрде шешу. 5. Әріптестің кәсіби абыройына нұқсан келтіретін әрекеттердің алдын алу. 6. Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды сақтау.	**Дөңгелек үстел, тренинг, жағдаяттық тапсырмалар**	**Ақпан**	Меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
4	**«Педагогикалық әдеп: тәжірибе, нәтиже және кәсіби даму»** 1. Оқу жылында педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуын талдау. 2. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынасындағы жетістіктер мен	**Қорытынды кеңес, талдау, рефлексия, ұсынымдар әзірлеу**	**Мамыр**	Меңгеруші, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

	кездескен қиындықтарды саралау. 3. Ата-аналармен және әріптестермен өзара қарым-қатынас нәтижелерін талдау. 4. Педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу. 5. Келесі оқу жылына педагогикалық әдеп мәдениетін жетілдіру бағыттарын белгілеу.			